



## ПРЕЗИДЕНТ МИРЗИЕВТИҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА БЕТ БҰРУЫ: ЕКІ ЖЫЛДАН АСТАМ МЕРЗІМ ІШІНДЕ ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕР

Бүкіл Орталық Азия елдерімен және Ауғанстанмен шекаралас жатқан Өзбекстан соңғы екі жыл ішінде аймақта негізгі рөл атқаратын елдердің біріне айналды. 2016 жылдың тамыз айында Өзбекстанның алғашқы президенті Ислам Каримов қайтыс болғаннан кейін билікке келген және 2016 жылғы желтоқсанда сайлауда жеңіске жеткен Шавкат Мирзиев Өзбекстанның Орталық Азияға бет бұруында шешуші рөл атқаруда. Мирзиев басынан бері Орталық Азиядағы көршілес мемлекеттермен өзара тиімді қарым-қатынастарды дамыту үшін табанды әрі нақты қадамдар жасап, аймақты Өзбекстанның сыртқы саясатының басты бағытына айналдырды.

Президент Мирзиев Каримовтан кейінгі кезеңде елдің саяси-экономикалық жүйесінде авторитарлық режимді ырықтандыру және экономикалық реформаларды жүзеге асыруды қамтитын өзгерістерге бастама жасады. Ал сыртқы саясатта көрші елдермен қарым-қатынасты жақсартуды мақсат етіп отыр. Өзбекстанның орнықты дамуы оның аймақтық саясаты мен аймақтағы тұрақтылығына тәуелді екені белгілі. Мирзиев атап өткендей, «Орталық Азия – бұл ғасырлар бойы ортақ географиялық, экономикалық және мәдени кеңістікті өмір сүрген біртұтас организм». Оның аймақтық саясаты «өткір мәселелерден қашпай, оларды талқылау және ақылға қонымды компромистерді іздеу» сияқты екі элементтен тұрады.

Осы мәлімдемеден кейін қатынастарды «қалыпқа келтіру» үшін Президент Мирзиев 2017 жылдың наурыз айында алғашқы шетелдік сапармен Түркіменстанға барды. Кейінірек 2017 жылы Қазақстан мен Қырғызстанға, ал 2018 жылы Тәжікстанға барды. Мирзиевтің Түркіменстанға сапары барысында тараптар аймақаралық және аймақ ішіндегі сауда-саттықты күшейтуді көздейтін теміржол желілері мен көлік инфрақұрылымын дамыту туралы келісіммен қатар, стратегиялық әріптестік туралы келісімге қол қойды. Қазақстанмен қарым-қатынастарға келетін болсақ, өзбек тарапы қазіргі стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі нығайта түсті және елдер арасындағы экономикалық ынтымақтастықты дамыту бойынша іс-қимыл жоспарын әзірледі. Мирзиевтің 2017 жылдың қыркүйек айында Қырғызстанға жасаған сапарын тарихи оқиға ретінде қарастыруға болады, себебі бұл өзбек президентінің соңғы 17 жылдағы алғашқы сапары болып табылады. Қырғыз-өзбек шекарасы туралы келісімге қол қою сапардың басты жетістігі болды. Бұл шекараның 85%-ын делимитациялау және демаркациялауға мүмкіндік беріп, елдер арасындағы 26 жылдық шекаралық дауды аяқталуын жақындатты.

Тараптар сондай-ақ, Өзбекстан қарсылық танытқан Қырғызстанның гидроэлектр станцияларының Жоғарғы Нарын каскадының құрылысын жалғастыру ниеті бойынша келісімге келу жолдарын талқылады. Каримовтың 2000 жылғы сапарынан кейін алғаш рет Президент Мирзиевтің 2018 жылдың наурыз айында Тәжікстанға сапармен баруы тағы бір тарихи жетістік болды. Тараптар ұзақ жылдарға созылған жаулық қатынасты еңсеріп білді және 17 жыл бойы жүзеге асырылған екіжақты виза режимін аяқтап, 30 күндік визасыз режимді орнату

және 1992 жылы тоқтатылған Ташкент пен Душанбе арасындағы ұшақ рейстерін қайта бастау жолында келісті. Сонымен қатар, тараптар 2001 жылы жабылған 10 шекара бекетін қайта ашу туралы келісімге қол қойып, екі елді бір-бірімен байланыстыратын теміржол және автомобиль жолдарын қалпына келтіруге келісті. Сондай-ақ, Мирзиевтің 2019 жылдың соңына дейін өзбек-тәжік шекарасын миналардан тазарту туралы шешімі өте маңызды болды. 1990-шы жылдары өзбек тарапы Тәжікстан шекарасының таулы аймақтарына миналар орнатқан болатын. Бұған қоса, Ташкент Душанбеге бұрынғы мина орнатылған шекаралас аймақтардың құпия картасын ұсынуға келді. Осылайша, өзбек көшбасшысының Тәжікстан жеріне сапары Өзбекстан мен Орталық Азия арасындағы қарым-қатынастарда жылжымық кезеңнің басталғандығының айқын дәлелі болды.

Аймақтық көшбасшылардың барлығы Өзбекстанның бастамаларын құптап, ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерттеуге қызығушылық танытты. 2017 жылдан бастап Орталық Азия президенттерінің өзара сапарларының жиілігі айтарлықтай өсті, бұл маңызды саяси және экономикалық мәселелерді талқылауға, сондай-ақ мәдени байланыстарды жаңадандыруға ықпал етті. Бұдан басқа, Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары 2018 жылдың наурызында Астанада Наурыз мерекесі қарсаңында өткен алғашқы жұмыс кездесуіне жиналған кезде сыртқы державалардың қатысуынсыз бірлесіп жұмыс істеу үшін көп жақты платформа құрды. Президент Мирзиевтің бастамасы бойынша өткен кездесуде бірінші аймақтық болмысты қалыптастыру жолында ортақ жетістікке қол жеткізіліп, Орталық Азия көшбасшыларының аймақтық мәселелерді өз бетінше шешуге деген ұмтылысы атап өтілді.

Мирзиев Орталық Азия астаналарына сапармен барған кезде саяси мәселелерді шешумен қатар, көрші мемлекеттермен ынтымақтастық жасаудың сауда-экономикалық мүмкіндіктерін де кеңейтті. Мысалы, Өзбекстан мен Қазақстан 2017 жылдың қыркүйегінде Ташкентте жан-жақты талқыландырылған экономикалық ынтымақтастықтың жол картасын әзірледі. Алғашқы Қазақ-Өзбек іскерлік кеңесі және кейіннен өткізілген Бірлескен бизнес-форум мен Аймақаралық форум екіжақты сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға серпін берді. Өзбек-Түркімен қарым-қатынастары Орталық Азия мемлекеттерінің мәртебесін теңізге шығар жолы жоқ елдер позициясынан бір-бірімен жер арқылы байланысты елдер позициясына өзгертетін Өзбекстан-Түркіменстан-Иран-Оман транзит және көлік дәлізі туралы келісіммен нығайтылды. Сол сияқты, 2017 жылы мамырда Қытайға жасаған сапары барысында Өзбекстан Президенті тарапынан жаңадан құрылған Өзбекстан-Қырғызстан-Қытай автокөлік дәлізі мен жаңа Өзбекстан-Қырғызстан-Қытай теміржолының құрылысы Еуразия мемлекеттерін бір-біріне байланыстыратын транзитті орталыққа айналдыру жөніндегі өзбек стратегиясының маңызды терегі болады. Тәжікстанға келетін болсақ, Мирзиев екі тараптың да мүдделері ескерілетін болса, өзбек тарапының Рогун ГЭС-і жобасын талқылауға дайын екендігін атап өтті. Осылайша,

су дауын жанжалға айналдыруға жол бермейді. Өзбек көшбасшылығының аймақтағы прагматикалық саясаты бауырлас елдер арасындағы сауда, экономикалық және мәдени байланыстарға кедергі келтіретін мәселелерді шешуге және байланыстарды дамытуға бағытталған.

Өзбекстан мен басқа да Орталық Азия елдері арасындағы сауда қатынастарында соңғы екі жылда қарқынды өсу байқалды. 2018 жылдың алғашқы тоғыз айында Өзбекстан-Қазақстан өзара сауда көлемі 2 млрд. доллардан асып түсті, бұл 2017 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 40% жоғары. Тараптар 2020 жылы тауар айналымын 5 млрд. долларға жеткізуді мақсат етіп қойды. 2018 жылдың қаңтар-мамыр айларында Өзбекстанның Тәжікстанмен тауар айналымы екі есе артып, 94 млн. долларға дейін өсті. 2018 жылдың 11 айы ішінде Қырғызстанмен тауар айналымы 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55%-ға өсіп, 363 млн. долларды құрады. Демек, Президент Мирзиевтің сыртқы саясатының аймақтық ықпалдылығын экономикалық әлеуетін ашқаны туралы қорытынды жасауға болады.

Өзбекстанның Орталық Азияға бет бұруы бауырлас елдер арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстарды ынталандырды. Атап айтқанда, Өзбекстан мен Тәжікстан арасындағы визасыз режимнің енгізілуі және Өзбекстанның Орталық Азиядағы көршілерімен шекараларында шекарадан өту рәсімдерінің жеңілдетілуі адамдар мен тауарлардың өзара қозғалысын жеңілдетті. Мәдени байланыстар да нығайтылды. Мысалы, Тәжікстанның мәдени-экономикалық әлеуетінің алғашқы көрмесі 20 жылда алғаш рет 2017 жылдың қыркүйегінде Өзбекстанда өтті. Сонымен бірге, 2018 жыл Қазақстанда «Өзбекстан жылы» деп жарияланды және қазақ халқының өзбек мәдениеті мен салт-дәстүріне қызығушылығын арттыру үшін 200-ден астам мәдени іс-шара ұйымдастырылды. Дәл сол сияқты, 2019 жыл Өзбекстанда «Қазақстан жылы» деп жарияланды және бұл өзбектер арасында қазақ мәдениетін дамытуға үлес қосады. Бұдан басқа, Қазақстанға келетін туристерге Өзбекстанға ешбір қиындықсыз кіруге және дәл солай Өзбекстанға келетін туристерге Қазақстанға кіруге мүмкіндік беретін «Кібек жолы» визасын алдағы уақытта енгізу екі елде де туризм секторын дамытуға ықпал етеді.

Жалпы алғанда соңғы екі жылда Президент Мирзиев қабылдаған сыртқы саясат стратегиясының нақты нәтижелері мен тұрақтылығын бағалау үшін әлі уақыт жеткілікті емес. Орталық Азия елдері арасында жалғасып жатқан жақындасу үдерісі ынтымақтастықты кеңейтуге деген ортақ мүдделерін көрсетеді, бірақ түрлі ішкі және сыртқы факторларға байланысты интеграция әлі күнге дейін аймақтық күн тәртібінде болмағаны да түсінікті. Қалай болғанда да, Мирзиевтің 2017 жылдың қыркүйегінде БҰҰ Бас ассамблеясында жарияланған аймақта «стату көршілік» негізделген «жана саяси атмосфераны» қалыптастыру тәсілін ойдағыдай іске асырып жатқанын айтуға болады. Өзбекстанның аймақтық саясатында саясаттан гөрі экономикаға көбірек көңіл бөле бастаған өзбек көшбасшылығын прагматикалық қозғалыстары Өзбекстанның да, басқа Орталық Азия елдерінің де дамуына жеделдете түседі.

Жазушы: Альбина Мұратбек,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

## Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Женевада өткен Орта қашықтықты ядролық қарулар туралы шарт бойынша АҚШ пен Ресей арасындағы кездесу нәтижесіз аяқталғаннан кейін, АҚШ-тың Қару-жарақты бақылау және халықаралық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік хатшысы Андреа Томпсон Вашингтонның келісімінен шығу процесін бастау ниетін растады. АҚШ тарапы Мәскеудің шарт талаптарын бұзатын 9M729 зымыран жүйесін тексеру туралы ұсынысын қабылдамай, оның толық жойылуын талап етті.
- Әзірбайжан мен Арменияның сыртқы істер министрлері Эльмар Мамедъяров және Зохраб Мнатсакянян Париждегі ЕКБҮ Минск тобының тең төрағалары ұйымдастырған кездесуде Таулы Карабақ қақтығысын шешуге байланысты түрлі мәселелерді талқылады. Тараптар ел көшбасшылары арасында ықтимал саммит өткізу қаламдары мен халықты бейбітшілікке дайындау жолдарын қарастырды.
- Түркияның ұлттық қорғаныс министрі Хулуси Акармен Минск қаласында кездескен Беларусь Президенті Александр Лукашенко Беларусь пен Түркияның әрдайым сенімді достар мен әріптестер болғанын атап өтіп, осы саясатты ұстануға уәде берді. Хулуси Акар, сондай-ақ, беларустық әріптес Андрей Равковпен екіжақты әскери ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективаларын талқылау үшін келіссөздер жүргізді.
- Өзбекстанның Карши қаласында мемлекетаралық шекараны делимитациялау және демаркациялау бойынша бірлескен Өзбекстан-Түркіменстан үкіметаралық комиссиясының жұмыс тобы өздерінің кезекті отырысын өткізді. Келіссөздер барысында тараптар демаркациялық сызықтың өтуі туралы ұсыныстарды қарап, демаркациялық қызметтің бөлінуін сипаттайтын кесте жөнінде келісті.
- Иран Қарулы күштері Бас штабының бастығы генерал-майор Мохаммад Багери бастаған жоғары әскери делегация Бакуға сапармен барды. Екі күндік сапар барысында Багери Әзірбайжан Президенті Ильхам Алиевпен және елдің қорғаныс министрі генерал-полковник Закир Хасановпен кездесіп, қорғаныс, шекаралық бақылау және терроризмге қарсы күрес саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.
- Қырғызстан Президенті Сооронбай Жээнбеков Ресейде жасалған 125-тен астам автокөлік және арнайы техниканы елдің Мемлекеттік шекара қызметіне тапсыру салтанатына қатысты. Көмек Бішкектің Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуы аясында Қырғызстанға 48,58 млн. доллар көлемінде техникалық көмек көрсету туралы үкіметаралық келісімге сәйкес Ресей тарапынан жүзеге асырылды.
- Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) мүше мемлекеттердің халықаралық әскери ынтымақтастыққа жауапты қорғаныс ведомстволарының өкілдері Бішкекте кездесу өткізді. Келіссөздер барысында Қытай, Үндістан, Қазақстан, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан әскери делегациялары 2020-2021 жылдарға арналған ынтымақтастық жоспарын талқылады және ШЫҰ қорғаныс министрлерінің алдағы отырысының күн тәртібін қарастырды.

## Экономика, қаржы және энергия

- Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиев Үндістанның Гандинагар қаласында өткен 9-шы Динамикалық Гуджарат жаһандық саммитіне қатысып, сөз сөйледі. Сапар аясында Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модимен кездесті. Өзара ынтымақтастықты белсенді дамытуға деген ұмтылыстарын растай отырып, тараптар Үндістанға өзбек уранын ұзақ мерзімді жеткізу туралы келісімді қамтыған бірқатар құжаттарға қол қойды.
- Өзбекстанның Мемлекеттік инвестициялық комитеті Берлинде Өзбекстан-Германия бизнес-форумын ұйымдастырды. Германияның 234 компаниясы мен банкнен 300-ден астам өкіл қатысқан іс-шарада мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, денсаулық сақтау, фармацевтика, ауыл шаруашылығы, азық-түлік өнеркәсібі және құрылыс салаларындағы жобаларды қамтитын құны 4 млрд. доллардан асатын келісім-шартқа қол қойылды.
- Қазақстан Ұлттық экономика министрінің деректері бойынша, 2018 жылы елдің ЖІӨ-і 2017 жылмен салыстырғанда 4,1%-ға артып, өнеркәсіптік өндіріс те 4,1%-ға өсті. Атап айтқанда, мұнай өндіру көлемі 90,4 млн. тоннаны (4,8%-дық өсім), бензин – 4 млн. тоннаны (29,8%), газ майы – 4,7 млн. тоннаны (7,4%), мыс кені – 103,2 млн. тоннаны (8,6%), электр энергиясы – 107,1 млрд. кВтсағ (3,8%) және ұн – 4 млн. тоннаны (0,7%) құрады.
- Иран шығыс Қытайдан құрлық жолы арқылы жіберілген және Қазақстан аумағы арқылы жеткізілген алғашқы жүк партиясын алды. Велосипед және өнеркәсіптік техника бөлшектері, тұсқағаздар, тежегіш коллодалары және басқа да заттарды қамтыған жүк Қытайдың Нинбо портынан жүк пойызымен Қорғасқа, кейін Ақтауға жіберілді. Ол жақтан контейнерге жүктеліп, Иранның Анзали еркін аймағындағы Каспий портына жіберілді.
- Беларусь Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (АИИБ) басқару кеңесінің барлық талаптарына жауап беріп, АИИБ-ге қосылды. Беларусь Қаржы министрлігі банкпен өзара әрекеттесу үшін ресми байланыс органы ретінде қызмет атқаратын болады. АИИБ-ге қосылу бірінші кезекте Қытайдың «Белдеу және жол» бастамасы аясында Беларусь үшін инфрақұрылымды қаржыландырудың жаңа мүмкіндіктерін ашады.
- 2018 жылы Грузияның сыртқы саудасының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 17%-ға артып, 12,5 млрд. долларға жетті. Грузия тауарларының экспорты 22,9%-ға артып, шамамен 3,4 млрд. долларға жетті, ал импорт 14,9%-ға артып, 9,1 млрд. доллардан асты. Грузияның Экономика және тұрақты даму министрлігінің мәліметі бойынша, сату нарықтарының географиялық кеңеюі ел экспортының өсуінің негізгі себептерінің бірі болып табылады.
- Еуропалық Комиссия мен Дүниежүзілік Банк Шығыс еріптестік елдеріндегі байланыс пен экономикалық өсуді жақсарту мақсатында Индикативті транс-Еуропа көлік желісінің инвестициялық іс-қимыл жоспарын бірлесіп жасалды. Жоспарда Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Молдова және Украинада 4,8 мың шақырымдық жол және темір жол, 6 порт және 11 логистикалық орталықты салу және қалпына келтіруді қаржыландыру үшін шамамен 13 млрд. еуро көлемінде инвестицияны қажет ететін басымдықты жобалар анықталды.

## Қоғам және мәдениет

- «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» атты жоба шеңберінде коммерциялық емес негізде жұмыс істейтін Ұлттық аударма бюросы заманауи қазақстандық әдебиеттің антологиясын алты ресми БҰҰ тіліне – араб, қытай, ағылшын, француз, орыс және испан тілдеріне аудару және жариялау жұмыстарын бастады. Әрбір антология кемінде 10 мың тиражбен жарияланады. Жоба сондай-ақ, заманауи казак музыкалық және бейнелеу өнері, хореографиясы, кинематографиясы мен театрын әлемге танытуға бағытталған.
- Өзбекстанның Мемлекеттік статистика комитетінің мәліметтері бойынша, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ел халқының саны 2018 жылы 597,4 мың адамға немесе 1,8%-ға артып, 33,254,100 адамға жетті. Атап айтқанда, қала халқының саны 16,8 млн. адамды (жалпы халық санының 50,5%-ы) және ауыл тұрғындары 16,45 млн. адамды (49,5%) құрайды.
- Әзірбайжан өкілдерінің делегациясы Өзбекстанның мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін пайдалану және халықпен жұмыс істеуді ұйымдастыру тәжірибесін зерттеу үшін Өзбекстанға сапармен келді. Олар Әділет министрлігінде және Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікте кездесулер өткізіп, халыққа қызмет көрсету орталықтары мен Өзбекстан Президентінің азаматтарды қабылдау бөлмелерінің қызметімен танысты.
- Әзірбайжан Ұлттық ғылымдар академиясы І география институтының деректері бойынша, табиғи апаттардың ел экономикасына жылдық орташа шығындары 250-300 млн. долларға бағаланады. Бұл ЖІӨ-нің 0,4-0,5%-ына тең. Сарапшылар табиғи апаттардың салдарынан келтірілген шығындарды өтеу үшін тұрғындар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін тиісті сақтандыру нарығын дамыту қажет екенін атап өтті.
- Түркіменстан Ғылым академиясы елдің мемлекеттік мекемелерімен бірлесіп отырып және Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық агенттігінің қолдауымен сейсмикалық қауіпті төмендету бағдарламасын әзірледі. Құжат ықтимал жер сілкіністеріне байланысты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық зардаптарды жұмсарту және халық пен ұйымдардың төтенше жағдайларға дайындығын арттыру жөніндегі шараларды қарастырады.
- Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоғанның шешімімен шылым шегу әдетінен арылып, емделгісі келетіндер әлеуметтік қамсыздандырудың бар-жоқтығына қарамастан бұл қызметті тегін пайдалана алады. Түркия Денсаулық сақтау министрлігі темекі шегушілерге көмек көрсетуге арналған ауруханалар мен емханаларды никотин орнын басатын тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етеді. Үкіметтің қоғамдық орындарда темекі шегуге тыйым салу және темекіге салынатын салықты арттыру сияқты темекіге қарсы шаралары арқасында Түркияда темекі шегу деңгейі 2016 жылы 31,6%-ға дейін төмендеген болатын.
- Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған Түркия мен Молдова арасындағы визалық тәртіпті өзара бұзу туралы 2012 жылдың қарашасындағы келісім хаттамасын ратификациялады. Ердоғанның 2018 жылдың қазан айында 19 жылда алғаш рет Молдоваға жасаған сапары кезінде қол қойылған хаттама екі елдің азаматтарына мемлекет ішінде қолданылатын жеке куәліктерін пайдалана отырып, визасыз саяхат жасауға мүмкіндік береді.